

▣ УСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

Білім жолы – қиын да қасиетті жол. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, дүниедегі мамандық атаулының төресі ұстаздық десе де болады.

ҰЛТҚА ЕТКЕН ЕҢБЕК ЗАЯ КЕТПЕС

Өнегелі өмірін ұстаздық жолға арнаған, өмірлік мұратын қылқаламнан тауып, ғылым саласында табысты еңбек етіп келе жатқан өнегелі ұстаз Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы – өзіндік орны бар дара тұлға, отандық бейнелеу өнері мен дизайн саласына өлшеусіз үлес қосып жүрген білікті маман. Осы қастерлі мамандықтың қадірін біліп, шәкірттерінің бойына асыл қасиеттің бәрін ұялатып, өн бойына ұстазға тән салмақтылық пен білімпаздықты жия білген ұлағатты ұстаз 2006 жылы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен алғыс хатпен марапатталған. 2010 жылы «Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «Методика специальной подготовки будущих учителей изобразительного в процессе обучения рисунку и живописи» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанған.

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесі студенттің таным белсенділігін арттырып, шы-

айынан ректордың кеңесшісі, 2018 жылдың қаңтар айынан Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры қызметін атқарып, 2019 жылдың желтоқсан айынан бүгінге дейін Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор қызметін абыроймен атқаруда.

Ғылым мен шығармашылық жолындағы тынымсыз ізденісі мен нәтижелі еңбегі өз жемісін беріп, үнемі алғыспен құрметтің биігінен көрінеді. 2013 жылы қазан айында Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен, 2013 жылы «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не 70 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен, 2015 жылы ҚР Дизайнерлер Одағының төсбелгісімен, 2015 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2016 жылы ҚР Суретшілер Одағының «Ә.Қастеев атындағы төсбелгісімен», 2017 жылы ОҚО Еңбегі сіңгені үшін медалімен, 2017 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2018 жылы «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не 75 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен және «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Қазіргі таңда 150-ге жуық ғылыми және әдістемелік еңбектің, оның ішінде: 2 моног-

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесі студенттің таным белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытуға, ғылым жолында іздену дағдыларын қалыптастыруға, болашақ маманның кәсіби шеберлігін дамытуға негізделген. Білікті маман, іскер басшы, ізденімпаз ұстаз Садыбек Қалмаханұлының өмір тарихымен танысып шықсақ, жас ұрпаққа үлгі болар өнегелі өмір парақтары мен ізденіске толы шығармашылық жолына куә боламыз. С.Қ.Бейсенбаев 1966 жылдың 17 ақпанында қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, «Бестоғай» ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Алғабас совхозында Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебін тәмамдаған ол кеңшарда жұмысшы болып істеп, одан соң әскер қатарына алынды. Жеке ізденісі мен шығармашылық қабілетінің арқасында 1986 жылы Шымкент қаласындағы орталық саябаққа суретші қызметіне қабылданып, кейіннен аға суретші қызметіне ауыстырылды.

1987-1992 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркем-сурет және графика факультетінде жоғары білім алған ол оқу орнын тәмамдаған соң осы институттың «Сурет» кафедрасына жас маман ретінде жұмысқа орналасқан.

Өзінің еңбек сатысында 1995-1998 жылдары аспирант, 1998-2003 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Өнер» факультеті деканы орынбасары, аға оқытушы; 2003-2004 жылдары аталған факультеттің «Киім дизайны» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2000 жылы ақпан айында Мәскеу қаласында «Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, 2004-2012 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы меңгерушісі қызметін атқарған.

2012 жылдың сәуір айында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 2013 жылдың наурыз

Қазіргі таңда 150-ге жуық ғылыми және әдістемелік еңбектің, оның ішінде: 2 монография, 12 оқу құралы, 5 альбом-монография, 5 оқу құралының, 5 кейс, сонымен қатар, 6 электрондық кітаптың авторы.

Педагогика саласындағы ерен еңбегінің нәтижесінде Садыбек Қалмаханұлы педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Халықаралық Педагогикалық Білім Беру Академиясының академигі ғылыми дәрежелерін иемденген. Қазақстандық Дизайнерлер одағының мүшесі және Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі.

Садыбек Қалмаханұлының диссертациялық еңбектері мен ғылыми мақалалары көркемдік білім беру саласының дамуына өзіндік үлесін қосуда.

Бүгінде еліміздің білім беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп, батыл бетбұрыстар жасалып жатқан кез. Білім сапасы мен бәсеке қабілеттілікті арттыру үшін жаңартылған оқу үдерісі қолға алынған шақта еліміз, ең алдымен, білікті ұстаздарға сенім артты. Иә, расында ұстаз еңбегінің жемісі шәкіртінің жеткен жетістігімен бағаланады десек, Садыбек Қалмаханұлының жүлделі болған әрбір білім алушысы ұстазының мәртебесі, мерейі. Қазіргі таңда көптеген шәкірттері аяулы ұстаздың тәлімі мен тәрбиесін алып, алтын ұясынан түлеп ұшып, арман-мақсаттарына қол жеткізіп, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет жасап жүр.

Жүрегі шәкірт деп соққан ұстаз отбасының ұйытқысы, асыл жар, ардақты әке. Талай шәкіртті өмір жолына қанат қақтырған ұстаз – қазірде өмір талабына сай көп ізденіп жүреді. Өзі білім беретін ЖОО келген әрбір жас маманның ақылшы ұстазы, жол сілтейтін бағдаршамы іспетті.

Курманғали УРАЗБАЕВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті «Тарих
және педагогика»
факультетінің деканы,
Филология
ғылымдарының
кандидаты, доцент